

□ «Мен сабақта құнды деректер алдым, мәселен, біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Мен бүгін өзімді мынау үшін мақтар едім (немесе «Менің жұмыс жасауымның жақсы жақтары мынау...»): біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Осы сабақтан кейін мен өз білімімді мына тұрғыда жақсартуым керек: біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Осындай сабақтар көп болса екен, өйткені, біріншіден... екіншіден...». Сонымен қатар, «Бес саусақ» әдісі оқушылар үшін өте қызықты әрі танымды деп есептейміз.

Бас бармақ – мен үшін бүгін маңызды болды;
Сұқ саусақ – мен бүгінгі сабақтан білгенім;
Ортаңғы саусақ – мен үшін әлі түсініксіз;
Аты жоқ саусақ – мен үшін жаңа ақпарат;
Шынашақ – мені таңғалдырды.

Қорытындылай келе, өзінің оқуының мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өз өзін бағалауды үйрену керек. Қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс сыни тұрғыдан ойлай білетін оқушыны қалыптастыруға дәнекер болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Педагогикалық қоғамдастығы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО, – Астана. 2015 ж.
2. Жалмуханова Б.Х. Ж22 Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер: әдістемелік құрал/ Б.Х. Жалмуханова – Атырау, 2018. – 67 б.
3. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы қр БжҒМ Ы. Алтынсарин атындағы ҰББА «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. «Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы», – Астана. 2016 ж.

ОРТА МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ МЫСАЛЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдимоминова Дилдаш Каппаровна,
аға оқытушы, педагогика білімдерінің магистрі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Ахметқаримова Шнар Каирбековна,
Оңғарова Мәлика Нариманқызы,
Кәсіптік оқыту мамандағының 3 курс студенттері
Қостанай қ.

Аннотация

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт бойынша бұл мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде көркем еңбекті оқытудың ерекшеліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, көркем еңбек.

Аннотация

Сегодня проблема, привлекающая внимание всего мирового сообщества – это инклюзивное образование, которое предусматривает полную интеграцию индивидуальных потребностей и особенностей детей в образовательный процесс с участием окружающей среды и семьи. Таким образом,

инклюзивное образование основывается на идеологии устранения любой дискриминации в отношении детей, обеспечения равного обращения со всеми людьми, а также создания особых условий для детей с особыми образовательными потребностями. В связи с этим в статье рассматриваются особенности обучения художественного труда в системе инклюзивного образования.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с ограниченной возможностью, художественный труд.

Abstract

Today, the problem that attracts the attention of the entire world community is inclusive education, which provides for the full integration of the individual needs and characteristics of children into the educational process with the participation of the environment and the family. Thus, inclusive education is based on the ideology of eliminating any discrimination against children, ensuring equal treatment of all people, and creating special conditions for children with special educational needs. In this regard, the article examines the features of teaching art work in the system of inclusive education.

Key words: inclusive education, children with disabilities, artistic work.

Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді [1, б 8.].

Инклюзивті (франц. *inclusif*– өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру-мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту;

- *біріктірілген* (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады);

- *жартылай* (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді);

- *уақытша* (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі);

- *толық* (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді).

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпындырады. Егер, инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір – бірімен қарым – қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда:

- жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы [2, 17 б.].

Жалпы білім беретін орта мектептегі сабақтарда балалар көркем еңбектің технологиялық үрдістерін терең түсіну үшін қажетті жеткілікті жалпы білім беру базасын алмайтынын ескерсек, арнайы мектептер жағдайында кәсіби-еңбекке баулу міндеттері ерекше маңызға ие екенін көруге болады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың көпшілігінде күрделі емес еңбек операцияларының жасауы автоматтандырылған дағдылары қалыптасуы мүмкін. Бірақ ақыл-есі толыққанды оқушыларға қарағанда, дағдылардың қалыптасу процесі баяу жүреді, және дағдыларды алмастыру қабілетін дамытуда айтарлықтай артта қалу байқалады. Осыдан еңбекке баулудың мерзімін айтарлықтай арттырудың қажеттілігі келіп шығады.

Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды еңбек процесіне қосу олардың сенсорлық, ойлағыштық және орындаушылық қызметтерін түзету мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Осы жағдайда оқушылардың қабылдауы мен түсінігі анық көрсетілген пәнге қатыстылыққа ие болады, сондықтан оқушы үнемі нақты нысандармен оның қасиеттерімен жұмыс істейді. Осыдан ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың қабылдауына тән мазмұнның жұтаңдығы, көмескілігі, константтылықтың жеткіліксіздігі және т.б. жеңу мүмкіндігі кеңейеді. Олар қарапайым пайымдауға қарағанда нақты пәндік мазмұнмен толығырақ, біршама сараланған және тұрақты болады.

Сонымен қатар, арнайы мектептегі көркем еңбекке баулу оқушыларды әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және сауықтыру қызметтерін де атқарады. Бұл міндет балаларды өмірде қажетті: тұрмыстық, қоғамдық пайдалы және кәсіптік еңбек түрлеріне қосу жолымен шешіледі.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың алған білімі, бір жағынан, ақыл-парасатының жалпы деңгейін арттырады, екінші жағынан, еңбектік міндеттерін шешуде өз қызметін дұрыс реттеу білігін дамыту үшін негіз болып табылады (алынған тапсырмаға бағдарлану, өз жұмысын жоспарлау және бақылау) [3, б 28.].

Мысалы, көркем еңбек сабағында оқушылар түрлі бұйымдарды әртүрлі материалдардан жасайды, үлгілейді, құрастырады. Осы орайда түзету жұмыстарын ұйымдастырудың маңызды шарты шығармашылықтың әр түрін қолдану болып табылады: жасай-

тын бұйымның суретін салу, қолдану, желімдеу, безендіру, мозаика салу, кішігірім заттарды олардың пішінін, түсін, көлемін, формасын ескере отырып сұрыптау. Міне осы секілді түрлі іс-әрекеттер ақыл-ойы артта қалған балаларда сенсомоторлық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оларға жағымды эмоциялар тудырады, шаршауды азайтуға көмектеседі. Тапсырманың мысалдары: «Дәруменге бай көкөністер» суретін салу, «Заманауи тұрмыстық техника» қосымшасын толтыру, макароннан моншақ жасау, зерттелетін тақырып бойынша объектіні бейнелейтін мозаика немесе жұмбақтар құрастыру т.б.

Түзету әрекеттерін сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асыруға болады: «Төртінші артық», «Қарап, есіңе сақта», «Не болды?», «Не өзгерді?». және т.б. Дидактикалық ойындар мен жаттығулар ақыл-ойы кем оқушының қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Сабақтағы түзету жұмыстарының негізгі бағыттары:

1. Психикалық іс-әрекеттің кейбір аспектілерін түзету (визуалды қабылдауды дамыту, кеңістіктік көріністер мен бағдарларды дамыту, есту зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту).

2. Негізгі ойлау операцияларын дамыту, ауызша және жазбаша нұсқаулар, алгоритм бойынша жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.

3. Сөйлеуді дамыту.

4. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және сөздік қорын байыту.

5. Ұсақ моториканы дамыту.

6. Ойлаудың әртүрлі түрлерін дамыту, заттар мен құбылыстар арасындағы логикалық байланыстарды көру және орнату

7. Білімдегі жеке олқылықтарын түзету.

Көркем еңбек сабақтарында денсаулығында кемістігі бар оқушылармен түзету жұмыстары сөздерді, көрнекі бейнелерді және практикалық әрекеттерді үйлестіру принциптеріне негізделген. Оқушылардың жаңа оқу және жұмыс тапсырмаларын орындау кезіндегі тәуелсіздік деңгейі коррекциялық жұмыстардың жетістіктерінің көрсеткіші бола алады. Түзету-дамыту жұмыстарының бүкіл жүйесі – мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушысын қоршаған әлем шындығына әлеуметтік бейімдеуге, оны жұмыста және қоғамдық өмірде толыққанды және белсенді мүшесіне айналдыруға арналған, ол барлық адамдармен тең дәрежеде бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 г.
2. Арнайы білім беру ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі оқушыларына арналған кәсіби еңбек оқу бағдарламаларына қойылатын талаптары. Әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2016
3. Мирский С.Л.Формирование знаний у учащихся вспомогательной школы на уроках труда. – М., 2016г.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ФИТОХИМИЯЛЫҚ АНАЛИЗДІҢ МАҢЫЗЫ

Абдыкаликова Қалимаш Ахатовна,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, профессор
Маханбетжан Мадина Абылайханқызы,
1 курс магистранты
Қостанай қаласы

Аннотация

Өзектілігі: Табиғаттан алынатын дәрілік өсімдіктерге қазіргі уақытта қатты көңіл бөлінуде, сұраныс артуда. Оларға деген сұраныстың артуының басты себебі- олардың біріншіден табиғи,